

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндір	28 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ЖГП01

Пәні: Кәсіби қазақ тілі

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3.6

Оқу сағатының/кредит көлемі: 48/2

Теория: 30 с.

Курс: 1

Оқу семестрі: 1

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY AO «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндіріс	28 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өндіу	044-73/11-235 28 беттің 3 беті

№ 1 сабак

5.1. Лексикалық тақырып: Қазақтың тұнғыш дәрігерлері.

Грамматикалық тақырып: Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері.

Сағат саны: 8 сағ. 360 мин.

5.2. Мақсаты:

- студенттерге қазақтың тұнғыш дәрігерлері, олардың өмір жолы туралы түсінік беру
- Медицина ғылымының атақты тұлғалары туралы түсінік;
- XX ғ. басындағы қазақ дәрігерлерінің өміржолдары

5.3. Оқыту мақсаты Білім алушы кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын менгерту. Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру. Медицина саласындағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді сактай отырып, тіл байлығын арттыру.

Үйімдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабакқа катысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың отілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1) Мәтінге қатысты сөздік минимумдар.
- 2) Алғашқы қазақ дәрігерлерін атаңыз.
- 3) Халел Досмұхамедовтің оқулықтарына сипаттама беріңіз.
- 4) «Зоология, Анатомия, Физиология» оқулықтары туралы.
- 5) Өтебойдақ Тілеуқабылұлы жайында қызықты деректер.
- 6) «Шипагерлік баян» шығармасына сипаттама.

5. 5. берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселелеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тақырыпты өрбіту:

1. Медицина ғылымы.
2. Медицина ғылымының атасы.
3. XX ғ. басындағы қазақ дәрігерлері.

Қазақтың тұнғыш дәрігерлері

Халел Досмұхамедов 1883 жылдың 24 сәуірінде Атырау аймағының Қызылкоға ауданында дүниеге келген. 1909 жылы Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясын бітірген, алғашқы қазақ дәрігерінің бірі. Ол 1913 жылдан бастап Темір уезінде участекелік дәрігер болып жұмыс атқарған. Оба ауруының алдын-алу әрекеттерін ойлап тауып, оны жүзеге асыру шараларымен шұғылданған. Халел 1918 жылы бірінші рет, 1924 жылы екінші рет Ташкентте "Как бороться с чумой среди населения киргизского края" және "Инструкции по борьбе с чумой" деген кітаптарын басып шығарды.

Халел аға 1920 жылы Ташкенттегі Орта Азия университеті дәрігерлік факультетінің ауруханасында ординатор болып жұмыс істейді. Жан-жақты ғалымның қаламынан туған үш бөлімнен тұратын "Зоология, Анатомия, Физиология", сонымен қатар "Мектеп оқушыларының гигиенасы" деген оқулығы шықты. Бұл кісі 19 ғылыми еңбек жазған, төрт ғылыми кітап, көптеген қазақша, қыргызша, орысша аудармалар жасаған. Университет қабырғасында біраз істегеннен кейін ол проректор және профессор болып тағайындалды.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 4 беті

1930 жылдары Воронеж қаласындағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтының дәрігері болып жұмыс істеді.

Аяулы азamat, жан-жақты ғалым Халел Досмұхамедовтің өмір жолы сол кездегі қазақтың бетке шығар зияяларының өмір соқпақтары тәрізді ойлы-қырлы күрес пен қудалаушылықта толы азапты жол болды.

Қазақ медицинасының атасы –Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы

Өтейбойдақтың өмірдерегі, туған, өлген жылдары негізінен "Шипагерлік баян" кітабындағы мағлұматтар бойынша белгілі. Автор "Шипагерлік баян" кітабын Жәнібек ханның тапсыруы бойынша 70 жасында жаза бастағаны туралы, содан Жәнібек хан дүние салған 1473 жылы кітапты 85 жасында жазып бітіргені жөнінде дерек қалдырған. Сондай-ақ, Өтейбойдақтың 90 жасқа жақындағап дүние салғаны жөнінде де дерек бар. Демек, Тілеуқабылұлы Өтейбойдақты 1388 жылы дүниеге келіп, 1478 жылы дүние салды деп жобалауға болады. Емшілік, шипагерлік қасиет Өтейбойдаққа ата-тегінен жұғысты болған. Ата-баба әулетінің жинақтаған мол тәжірибесін бойына дарыта білген Өтейбойдақ бұл салаға бар ғұмырын арнап, халық медицинасын ғылыми жүйеге келтірген. Сейтіп, шипагерліктің өз заманындағы биік деңгейіне көтеріле білген. Бұл жолда ол әл-Фараби сияқты атақ-даңқ, дүние-мұлік, бас құрап, үйлі-баранды болу дегендегі, пендеге тән қасиеттердің бәрін тәрік етіп, бүкіл өмірін шипагерліктің қыр-сырын игеруге сарп еткен.

Сөз тіркесі және сөйлем.

Толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің тұлғалық жағынан әрі мағыналық жағынан байланысуын сөз тіркесі деп атайды. Құрамы екі сөзден ғана тұратын сөз тіркесін жай сөз тіркесі деп атайды. Мысалы ; ақылды жігіт, кең дала , мазмұнды әнгіме, темір қасық, студент үлгерімі, т.б. Құрамы үш немесе одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі деп атайды. Мысалы; он шақты кітап, тақтаға жақындей түсті, Алматы қаласында тұрады.

Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

Аталуына сай, еркін сөз тіркесінде байланысқа түскен сөздер өз мағыналарын жоймайды.Мәселен, кең бөлме дегенде, осы екі сөздің негізгі лексикалық мағыналары сақталады, демек бірінші сөз (кең) осы сөз тіркесін қандай тұлғалы өзгеріске түсірсек те, кеңістіктің сынып, яғни сын есім болып тұрған қасиеті жоймайды. Дәл сол сияқты, екінші сөз де (бөлме) мекеннің атын білдіріп, сөз табынан зат есім болып тұрған қасиетінен осы сөз тіркесінің тұлғалық өзгеріске түсүі ешбір өзгерте алмайды; кең бөлме, кең бөлмеміз, кең бөлмeden, кең бөлмелі, т.с.с.

Бірнеше сөзден құралып, бір ғана ұғымды беру үшін қалыптасып, тұрақтанған тіркесті тұрақты тіркес деп атайды. Көзді ашып-жұмғанша деген тіркес шапшаң дегеннің мағынасын береді. Еркін тіркестен айырмашылығы-тәбе шашы тік тұрды деген тіркесті алатын болсақ, мұндағы құрамындағы сөздердің барлығы да өздерінің тұра мағнасынан айрылған; екіншіден ,солайша мағыналарын жоғалту себепті төрт сөздің төртеуі тіркесудің нәтижесінде қорықты деген бір сөздің ғана ұғымын беріп тұр. Біршама аяқталған ойды білдіретін жеке сөзді немесе сөз тіркесін **сөйлем** деп атайды.

I.Сөйлем құрылышына қарай екі түрге бөлінеді;

1)Жай сөйлем.

2)Құрмалас сөйлем.

II.Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері;

Хабарлы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстік.);

Сұраулы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстін бе?);

Лепті сөйлем (Шіркін, ауылға барғанда суға түссек!);

Бұйрықты сөйлем (Ауылға барғанда суға түссін.);

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>28 беттің 5 беті</p>

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Сәлім Е.К., Оразымбетова Ф.Д., Тастанбекова Г.Т. «Жоғары кәсіби қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу құралы. Қарағанды қ. 2013ж.
- 2.Кемелхан Д.Ж.,Абдуллабекова А.Т.«Кәсіби қазақ тілі» фармация және фармацевтикалық өндірістехнологиясы мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы.Қарағанды,2016 ж.
3. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
- 4.Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.К. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
5. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 - курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
6. Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- 7.Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- 8.Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- 9.Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017ж.

Қосымша:

- 1.Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.
- 2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
- 3.Кәсіби қазақ тілі. И. Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1718>
- 4..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
- 5.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған). Оқу құралы. 2013 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>
6. Кәсіби қазақ тілі. Сейлхан А.Қ., Советова З.С. , 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1318>

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар:

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1.Халел Досмұхамедов ... дүниеге келген.
- 2.Х.Досмұхамедов 1913 жылдан бастап Темір уездінде ... қызметін атқарған.
- 3.Х.Досмұхамедов ... бірінші рет Ташкентте «Как бороться с чумой среди населения киргизского края» және «Инструкции по борьбе с чумой» деген кітаптарын басып шығарды.
- 4.Емшілік, шипагерлік қасиет Өтейбойдаққа жұғысты болған?
- 5.1841 жылы қазақ даласына келген қазақтың халық медицинасында қолданылатын дәрілік заттарды, дәрілік өсімдіктерді жазған емші?

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>28 беттің 6 беті</p>

6. Сөз тіркесі және сөйлем.
7. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

2 –сабак

5.1. Сабактың тақырыбы: Адам денесінің құрылышы бірынғай жүйе ретінде.

Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.

Сағат саны: 8 сағ. 135 мин.

5.2. Сабактың мақсаты: студенттерге кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын менгерту,

5.3. Оқыту мақсаты: Медициналық терминдерді тілдік нормаларға сай қолдануға баулу; халықаралық терминдердің маңыздылығын түсіндіру; медицинаға қатысты негізгі атауларды есте сақтауға дағылданыру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1) «Термин» атауы туралы;
- 2) Терминнің тілдік сипатты;
- 3) Медициналық терминге сипаттама;
- 4) Терминге койылатын талаптар.

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

1- тапсырма. Ақпаратпен танысыңыз. Мәтін бойынша әңгімелеп беріңіз.

Қазақ халқы адам денесіндегі он екі мүшенің сау болуына, олардың дұрыс калыптасып өсүіне көп көніл бөлгендігі бүріннан белгілі. Адам мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден біргіп, он екі мүше құрайды.

Бірінші топқа - бас және оның бөліктегі (мандай, тәбе, шүйде, самай, шықшыт және жақ сүйектері), сондай-ақ алдыңғы ми сынарлары, ортанғы, аралық, сопакша ми және мишиқ жатады;

Екінші топқа- көз және оның қосалқы мүшелері;

Үшінші топқа- мұрын (танау тесіктері, иірімдері, кенсірік, түктегі)

Төртінші топқа- ауыз (тіс, тіл, таңдай, көмей, бөбешік, сілекей бездері) т.б.

Бесінші топқа- құлақ (құлақтың қалқандары және ішкі мүшелері);

Алтыншы топқа- кеуде, омыртқа жотасы, қабыргалар (жүрек, өкпе және бұлардың қосалқы мүшелері);

Жетінші топқа- бауыр және талақ немесе көкбауыр;

Сегізінші топқа- бүйрек және зәр шығару мүшелері;

Тоғызыншы топқа- асқорыту мүшелері жатады;


Оныншы топқа- жыныс мүшелері;

Он бірінші топқа- иық белдеуі;

Он екінші топқа- жамбас белдеуі.


Тақырып бойынша тапсырмалар:

2- тапсырма. №1 суретке шолу жасау.




(1-сурет)


3-тапсырма: Төмендегі дene бөлшектерінің қазақша атауларын жазыңыздар.




(1-сурет)




(2-сурет)



(3-сурет)



(4-сурет)



(5-сурет)

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндіу</p>	<p>28 беттің 8 беті</p>

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

1-тапсырма. Берілген мәтіннен Медициналық терминдерді теріп жазыңыз. Жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Глюкоза углеводтарға жатады және адам мен хайуанаттар ағзасының зат алмасу өнімдерінің бірі болып табылады. Зат алмасуда глюкозаның энергетикалық басты маңызы бар. 1г. глюкоза толығымен ыдырағанда 4,1ккал жылу бөледі. Мұнда бөлінген энергия ағза жасушаларының қызметін қамтамасыз етеді. Өсіреке орталық жүйеке жүйесі, жүрек, ет сияқты қарқынды жұмыс істейтін органдар үшін глюкозаның энергетикалық маңызы жоғары. Осылайша байланысты глюкоза физикалық азғындаумен жалғасып жататын созылмалы ауруларға, жалпы ағзаны көтеруши (кушайтуші) зат ретінде кеңінен колданылады.

2-жаттығу. Мәтіннен халықаралық терминдерді теріп жазыңыздар.

Тін – организмнің тарихи қалыптасқан жасушалар мен олардың туындыларынан тұратын, өзіне тән морфофизиологиялық, биохимиялық қассиеттері бар жеке жүйе.

Әрбір тін онтогенезде белгілі бір ұрықтық бастамадан дамуымен және өзіне тән баска тіндермен өзара қатынасымен, ағзадағы орнымен сипатталады.

Әткен тақырыптарына шолу жасау.

3 – тапсырма. Пікір-талақта ұсынылатын мәселелер:

1. Терминнің бірмағыналы ғана болғаны дұрыс па?
2. Термин мағынасының дәлдігін қалай орнатамыз?
3. Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы.
4. Терминнің тілдегі сөзжасам зандылықтарына сәйкес келуі.
5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы.
6. Терминде эмоционалдық пен экспрессиялықтың болмауы.
7. Эстетикалық талаптарға сай келуі.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру: Адам денесінің құрылышы туралы ақпарат жинақтау келу.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Сәлім Е.Қ., Оразымбетова Ф.Д., Тастанбекова Г.Т. «Жоғары кәсіби қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу құралы. Қарағанды қ. 2013ж.
- 2.Кемелхан Д.Ж.,Абдуллабекова А.Т.«Кәсіби қазақ тілі» фармация және фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы.Қарағанды,2016 ж.
3. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
- 4.Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. КР деңсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.

- 5.Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 курсына арналған: (Жалғастырушу топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ тілі. Калиева Е.Т., Далаева Е.Е. , 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1718>
- 2.Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
- 3.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған). Оқу құралы. 2013 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>28 беттің 9 беті</p>

4. Кесіби қазақ тілі. Сейлхан А.Қ., Советова З.С. , 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1318>
 5. Жұмағұлова, Арзан Кесіби қазақ тілі: оқу құралы / А. Жұмағұлова; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. 2-бас., өнд., толықт. – Алматы: Қазақ үн-ті, 2017. - 273, <https://elib.kaznu.kz/book/4377>

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ, жаттығу жұмыстары.

З-сабак

5.1. Лексикалық тақырып: Тыныс алу жолдарының аурулары. Венерологиялық аурулар.

Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.

Сағат саны: 8 сағ. 135 мин.

5.2. Сабақтың мақсаты: білім алушыларға кесіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын менгерту.

5.3. Оқыту мақсаты: : білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Үйімдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Медицина ғылымы.

2. Медицина саласының қоғам үшін маңызы.

3. Жай сөйлем және оның түрлері.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау.

Жұптық жұмысқа қатысуышылардың мақсаты да, қабылданған шешімі де бірге.

Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жүз болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаяттың мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Медицина және қоғам. Жұптасып жұмыс жасаі отырып, қазіргі заманауи медицинаның қоғам үшін маңызының оң және теріс жақтарын қорғау.

Тыныс алу жолдарының аурулары.

Ауырған адамның тыныс алуы қынайды. Бұл — булықтыратын ұстамалы ауру.

Аурудың пайда болуына шаң-тозаң, малдың жүні, шәп, гүл және т.б. иісі және көніл-күйдің езгеруі де әсер етеді. Негізінен, тыныс демікпесі тұқым қуалайды. Бұл ауруға шалдықкан балалар ашууланшаш келеді, денесіне есекжем, теміреткі, бертпе шығады. Ауру ұстағанда — өкпенін шырышты қабықшасы ісініп, ауатамырлардың тұтікшелерін бітейді, тамырлары білеуленеді.. Демікпеден сақтану үшін организмді шынықтырып, тыңыс тынысы тарылады, наукас булығып, сырыйлап дем алады, беті қөгеріп, күре алу жаттығуларымен шұғылданып, еңбек пен демалысты дұрыс үйімдастыру құжет. Туберкулез ауруын туғызатын кох таяқшасы бактериясы. Ол түшкіргенде, сөйлегенде 1—2 метрге дейін сілекейімен шашырап, микробы ауаны ластайды. Сау адам тыныс алғанда, бұл микроб мұрын қуысына енеді де, сол арқылы өкпеге түсіп, оны зақымдайды. Наукас адам әуелі аздап жөтеледі де, одан соң қаны азайып, жұдейді, тамаққа тәбеті шаппай, үйіктағанда терлей береді. Дене кызуы кешке карай 37—37,5 градусқа дейін көтеріледі. Туберкулез таяқшасы наукастың ас ішетін ыдысынан, сұлгісінен, тесек орнынан да жұғады. Таяқшаның ауру туғызуы сау адамның организміне байланысты. Егер микробқа қарсы күресетін күш, яғни иммунитет пайда болса,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979— SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>044-73/11-235 28 беттің 10 беті</p>
---	--	--	--

онда оның әрекетінен денсаулық бұзылмайды. Науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде аузын және мұрының қол орамалмен жауып, микробтың ауаға таралуына жол бермеуі кажет. Ауруды дәрігер ғана емдей алады.

Мұрын арқылы демалудың маңызы ерекше. Мұрын қуыс-ында толып жатқан қалташақтар бар. Олар ауаны жылытады. Суық құндері салқын тиіп ауырудан сақтайты. Мұрынмен тыңыс алу — тісті бұзылудан сақтайты. Өндірістерде лас ауаны тазарту үшін желдеткіштер, шаң-тозаң ұстағыштар орнатылса, ал үйдегі шаң-тозанды сулы шүберекпен сүртіп отыру керек.

Венерологиялық аурулар.

Венерология (лат. *venus* – махаббат құдайы және грек. *logos* – ілім) – клиник медицинаның венералық ауруларды зерттейтін саласы. Қазіргі уақытта 20-дан астам венералық аурулар (хламидиоз, трихомоноз, кандидоз, микоплазмоз, жыныстық ұшық, қасаға биттеу, бактериалды вагиноз, лямблиоз, т.б.) анықталды. Қазақстанда В. саласындағы ғыл.-зерт. жұмыстары 1931 ж. Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халкоматының Тері-венерол. институтты ашылғаннан кейін басталды. Осы салада сондай-ақ республикадағы мед. ин-ттары мен Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру интының тери және венералық аурулар кафедраларында 900-ден астам дәрігер-венерологтар жүйелі зерттеулер жүргізуде. Кейінгі жылдары аталған ауруларға жүре пайда болатын иммундық тапшылық синдромы (СПИД) ауруы қосылды. Республикада венералық аурулардың эпидемиологиясы және олардан арылу шараларын ұйымдастыру мәселелері (М.Омаров, т.б.) зерттелді

Сөздікпен жұмыс.

жұқпалы аурулар-инфекционные болезни	кене-клещ
жасырын кезең-скрытый период	маса-комар
айығу кезең-период	бүрге-блоха
выздоровления	іш өту-понос
түкірік-слиона	лас-грязный
іш сүзек-брюшной	тиф бит-вши
көкжөтел-коклюш	ендіру-внедрить
бүйе-тарантул	жеткізу-довести, доставить
бөртпе сүзек-сыпной тиф	таралу-распространяться, передаваться
	тырысқақ-холера

Тұрлаусыз мүшелер

Тұрлаусыз мүшелер - сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айналасына топтасып, семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтыратын мүшелер. Тұрлаусыз мүшелерді тіл білімінде үш топқа бөліп қараша қалыптасқан:

анықтауыш;
толықтауыш;
пысықтауыш.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>28 беттің 11 беті</p>

Осылайша жіктеуде олардың тұрлаулы мүшелерге мағыналық қатынасы негізге алынады. Дегенмен, олардың қай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Мысалы, Ол шебер сөйлемді. Ермек шебер ойыншы. Мұндағы шебер сөзі бірінші сөйлемде пысықтауыш, екінші сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Толықтауыш пен пысықтауыш көбіне баяндауышпен, ал анықтауыш көбіне бастауышпен және субстантивтенген басқа мүшелермен байланысты болады десек те, тұрлаусыз мүшелер туралы мәселелер сөздердің тіркесуімен байланыста қаралғанда ғана шешімін табады.

1 кесте



Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Әткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
- 2.Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
- 3.Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 - курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
- 4.Джумадиллava Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- 5.Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- 6.Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- 7.Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017

Қосымша:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өндір	044-73/11-235 28 беттің 12 беті
---	--	---	--

1. Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оку-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оку- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНР, 2016. - 155 бет.
4. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
5. Кәсіби қазақ тілі. Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1718>
6. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. Қазақстанда медицина саласынын дамуы.
2. Медицина саласындағы жаңа технологиялар.
3. Жай сейлем және оның түрлеріне мысалдар келтіріңіз.

4-сабак

5.1. Сабактың тақырыбы: Жүрек қан тамыр және асқорыту жүйелерінің аурулары.

Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлем және оның түрлері.

Сағат саны: 8 сағ. 135 мин.

5.2. Сабактың мақсаты: Ұлт тілі арқылы ұлттың мәдениеті, қоғамдық-әлеуметтік болмысын түсіндіру, егеменді еліміздің тілін, мәртебесін биіктіеүіне үлес қосуға , оны сүюге, асылымызды ардақтауға баулу.

5.3. Оқыту мақсаты: ана тілі туралы ойларын дамыта отырып, сөздік қорын молайту, еркін, айшықты сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Үйімдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1.Медицина қызметкерлерінің атқаратын міндеттері мен қызметінің ұғымы туралы.
2. Медицина саласындағы дәрігерлердің кәсіби қабілеттері.
- 3.Сөйлем мүшелері.

Жүрек қан тамыр және асқорыту жүйелерінің аурулары.

Жүрек-қан тамыры аурулары әлемнің көптеген дамыған елдерінде деңсаулық сақтаудың басты проблемаларының біріне айналып отыр. Ол көбіне ересек адамдарды не мүгедектікке шалдықтырады, немесе өлімге әкеліп соқтырады. Жалпы өлім-жітімнің 52 пайызын жүрек-қан тамыры аурулары құрайды. Еуропада жыл сайын осы ауру салдарынан шамамен 3 миллион адам қайтыс болса, Ресейде 1 миллион адам, ал Қазақстанда 80 мың кісі осы аурудан көз жұмады. Жүрек-қан тамыры ауруларына әкеліп соқтыратын басты себептер қандай? Басты себеп адамдардың өз деңсаулығына көңіл бөлмеуінен десек, сонымен қатар жағымсыз экологияның да салдары жетерлік. Өсіреле, соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім тым жиілеп барады. Оның негізінде, атеросклероздан басқа, адамдардың жүйеке жүйесінің шаршауы, олардың дәрменсіздікке ұшырап, депрессияға тусуі жатыр.

Алдын алу жолдары:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>28 беттің 13 беті</p>

Жүрек-қан тамыры ауруларының пайда болуына әкеліп соқтыратын тағы бір фактор ол - темекі шегу. Орта есеппен алғанда темекі шегу адам өмірін 7-10 жылға қысқартады екен. Темекі шекпейтіндерге қарағанда темекі шегетін адамдар миокард инфарктісіне шалдығуы екі есе көп, ал, осы аурудан қайтыс болатындар саны темекі шегетіндер арасында шекпейтіндермен салыстырғанда 4 есеге артық. Бұгінгі таңда жүрек- қан тамыры ауруларының алдын- алу үшін мынадай маңызды нәрселерді есте сақтау керек:

- Ең алдымен темекіден толықтай бас тарту қажет;
- Тиімді тамақтану ережелерін сақтау;
- Майлыш тамақтардан бас тарту, тұзды пайдалану мөлшерін азайту - тәулігіне 4 грамм, құрамында калий мол (бұршак, өрік, құрма, теңіз қырыққабаты) тамақтарды көп пайдалану, сарыуызды барынша аз пайдалану;
- Көкенис пен жеміс-жидектерді барынша мол пайдалану;
- Алкогольді ішімдікті белгіленген мөлшерде ғана пайдалану;
- Дене белсенділігін арттыру, семіздіктен сақтану;
- Қандағы холестерин құрамын үнемі тексеріп, бақылап отыру;

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе айтарым- дәрігер ауру адамды емдейді, ал, аурудың алдын алу әрбір адамның өз тірлігі.

Құрмалас сөйлем — екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, **күрделі ойды** білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты **біртұтас сөйлем**.

Қызметі жағынан оның жай сөйлемнен өзгешелігі жоқ, екеуі де ойды екінші бір адамға білдірудің құралы. Құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай үш түрге бөлінеді: а) **Салалас құрмалас сөйлем**; ә) **Сабақтас құрмалас сөйлем**; б) **Аралас құрмалас сөйлем**. Құрмалас сөйлемнің белгілері:

1. кем дегенде екі жай сөйлемнен (**синтаксистік компоненттен**) құралып, әр сөйлемінде **предикаттық қатынас** болады. Кей жағдайда **бастауыш** айтылмағанымен, **баяндауыш** арқылы білініп тұрады. Ал құрмалас құрамындағы жай сөйлемнің әрбірінде баяндауыштың болуы міндетті;
2. жай сөйлемдер белгілі бір тәсілдер — баяндауыш формалары және **шылаулар** арқылы байланысқа түседі;
3. негізгі компоненттер — жай сөйлемдер мағынасы жағынан логикалық байланыста болып, біртұтас күрделі ойды білдіреді.
4. Құрмалас сөйлем компоненттерін өзара байланыстыруда **интонацияның** да айрықша қызметі бар. Алғашқы компонент аяқталмаған, **ұласпалы интонацияға** ие болады да, соңғысы аяқталған **тиянакты интонацияда** келеді.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің мағыналық жағынан өзгешеліктерінің кестесі

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем
Жай сөйлем жеке бір ойды білдіреді	Құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>28 беттің 14 беті</p>

<p>Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациямен айтылады</p>	<p>Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады</p>
<p>Жай сөйлем интонациялық жағынан тиянақты болады</p>	<p>Құрмалас сөйлемнің сыңарлары интонациялық жағынан тиянақсыз болады</p>
<p>Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады.</p>	<p>Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып саналады</p>
Байланысу тәсілдері	Мысалы
<p>Интонация арқылы іргелесе байланысады.</p>	<p>Кездесу аяқталды, қатысқандар тамаша әсермен тарады.</p>
<p>Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.</p>	<p>Арнайы баруды жоспарлаймын, бірақ еш реті келмей - ақ қойды.</p>
<p>Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде, құрмаласа байланысады</p>	<p>Аңы дауыс бәріне анық естіліп, көздеріне үрей тұндырды.</p>

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағанинан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытуушы қадағалайды.

1 -тапсырма Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

- А.Адамдармен сыпайы қарым-қатынас сөздерін естеріңе түсір.
- Ә. Алғаш көрген адамыңа қандай сөз айтатыныңды жаз.
- Б. Өіңе қамқорлық жасаған адамға қандай сөздер айтар едін?
- В. Білетін кешірім сөздерді жаз.

2 - тапсырма Төмендегі сөздердің дұрысына белгі қойып, қатесін түзе

- А. Ұл бала автобустан түскенде, алдымен өзі шығып, қыз балаға қолын ұсынады;
- Ә. Ұл бала есік алдында қыз баламен қатар кезігіп-қалып, оған кедергі жасамаймын деп өзі есіктен тез өтіп кетуге тырысты

Б. Қыз баланың көтерген сөмкесі ауыр болатын, ұл бала кедергісіз өтіп кетуіне жол ашты.

3- тапсырма Үстелде отырғанда өзінді қалай ұстau керектігін есіңе түсір. Ережелерін аяқтан жаз.

- А. Үстелде отырғанда ----- қоймау;
 - Ә. Тамақ ішіп отырғанда ----- ----- оқымау.
 - Б. Аузында тамағы болғанда-----
 - В. Тамақ соңында аузын ----- ----- сұрту.
- Қажетті сөздер: шынтағын, сөйлемеу, кітап, ойнамау, орамалмен.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 15 беті

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6. Әдебиеттер:

1. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
2. Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
3. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 - курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
4. Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017

Қосымша:

1. Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.
4. Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған). Оқу құралы. 2013
<https://aknurpress.kz/reader/web/1101>
5. КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ Сейлхан А.Қ., Советова З.С. , 2019
<https://aknurpress.kz/reader/web/1318>
6. Жұмағұлова, Арзан Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы / А. Жұмағұлова; Әл-Фарабиатын.ҚазҰУ.2-бас., өнд., толықт. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. - 273, <https://elib.kaznu.kz/book/4377>

5.7. Пікір-таласқа ұсынылатын мәселелер:

1. Терминнің бір мағынасынан болғаны дұрыс па?
2. Термин мағынасынан дәлдігін қалай орнатамыз?
3. Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы.
4. Терминнің тілдегі сөзжасам зандылықтарына сәйкес келуі.
5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы.
6. Терминде эмоционалдық пен экспрессиялықтың болмауы.
7. Эстетикалық талаптарға сай келуі.

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндіу</p>	<p>28 беттің 16 беті</p>

5-сабак

5.1. Лексикалық тақырып: Алғашқы медициналық көмектің маңызы.

Грамматикалық тақырып: Салалас құрмалас сейлем. Сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 8 сағ. 135 мин.

5.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға жаңа тақырып бойынша өз ойларын жүйелі түрде әңгімелегуге үйрету. Тақырыпты орынды пайдалануға мүшкіндейту.

Білім алушылар өз тіліне, отанын сүюге, құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу, қисынды ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі тапсырмаларды орындауда.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабақты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Дене бөліктерінің орналасуы туралы түсінік.

2. Дене бөліктерінің қазақша атаулары.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау.

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жагдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жагдаяттың мазмұнын сактай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

1- тапсырма. Екі топқа бөлініп, төмөндегі тақырыптарға шолу жасау.

I топтың тапсырмасы: Тірек-кимыл жүйесінің негізгі бөлімдері

II топтың тапсырмасы: Адамның қан айналым жүйесінің орталығы

1- тапсырма. Ақпаратпен танысыңыз. Мәтін бойынша әңгімелеп беріңіз.

Қазақ халқы адам денесіндегі он екі мүшениң сау болуына, олардың дұрыс калыптастып есүіне көп көңіл бөлгендігі бұрыннан белгілі. Адам мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден біргіп, он екі мүше құрайды.

Бірінші топқа - бас және оның бөліктегі (мандай, төбе, шүйде, самай, шықшыт және жақ сүйектегі), сондай-ақ алдыңғы ми сыңарлары, ортаңғы, аралық, сопақша ми және мишиқ жатады;

Екінші топқа- көз және оның қосалқы мүшелері;

Үшінші топқа- мұрын (танау тесіктері, іірімдері, кенсірік, түктегі)

Төртінші топқа- ауыз (тіс, тіл, таңдай, көмей, бөбешік, сілекей бездері) т.б.

Бесінші топқа- құлақ (құлақтың қалқандары және ішкі мүшелері);

Алтыншы топқа- кеуде, омыртқа жотасы, қабырғалар (жүрек, өкпе және бұлардың қосалқы мүшелері);

Жетінші топқа- бауыр және талақ немесе көкбауыр;

Сегізінші топқа- бүйрек және зәр шығару мүшелері;

Тоғызыншы топқа- асқорыту мүшелері жатады;

Оныншы топқа- жыныс мүшелері;

Он бірінші топқа- иық белдеуі;

Он екінші топқа- жамбас белдеуі.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 17 беті

Алғашқы медициналық көмек - бұл дәрігерлер келгенге дейін оқиға орында зардал шеккен адамға көрсетілуі керек шаралар кешені. Ең жиі кездесетін төтенше жағдайларда көрсетілуі тиіс алғашқы көмектерді қарастырайық
Алғашқы медициналық көмек түрлері

Алғашқы медициналық көмек оқыс оқиға болған орында зардал шеккен немесе күрт науқастанған адамға "жедел жәрдем" келгенге дейін алғашқы медициналық ем шараларын жасауды қарастырады. Алғашқы медициналық көмек жәбірленуші қандай жарақат алуына қарай көрсетіледі.

Қан кету кезінде Артериялық қан кету кезінде қан алқызыл түсті болады. Артериялық қан кету ең қауіпті жағдайдың бірі. Себебі адам аз уақыт ішінде көп қан жоғалтуы және бұл өлімге әкелуі мүмкін. Тез арада қан кетуді тоқтату шараларын қабылдау керек. Артериалық қан кету кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету барысында мыналарды орындау қажет:

жарақаттан сәл жоғары тұстағы тамырды үлкен саусакпен басу арқылы қанды тоқтатуға немесе қан ағуын баяулатуға тырысу керек;

резенке немесе қолдан жасалған кез келген бұраумен (мысалы, белдік, арқан және басқа) жараның жоғарғы жағындағы артерияны байлау керек, бұл қан жоғалтуды төмендетеді;

бұрау қай уақытта салынған жазып қою;

жарақатты тану;

зардал шеккен адамға көмек көрсеткеннен кейін оны мамандандырылған медициналық мекемеге (аурұхана немесе емхана) жеткізу керек.

Ал көктамырдан қан кеткенде қанның түсі қою қызыл болады. Алайда ірі көктамырдан қан кетсе және дер кезінде көмек көрсетілмесе, бұл да адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Көктамырдан қан кеткенде алғашқы көмек көрсету барысында мыналарды орындау керек:

- зақымдалған тұсты жоғары көтеру;
- зақымдалған қантамырдың жұмсақ қабыргаларын қысып тұратын таңғыш байлау;
- зардал шеккен адамды денсаулық сақтау мекемесіне жеткізу.

Сүйек сынғанда

Барлық сынның кезінде алғашқы көмек бірдей болады және сүйектің тұтастығын қалпына келтіруге, қан кетуді тоқтатуға, жараны антисептикалық өндөуге, аяқ-қолды иммобилизациялауға бағытталған. Науқасқа көмек көрсету кезінде мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- тыныштық;
- зақымдалған дене бөліктерін қозғамау;
- салқын ауа;

Алғашқы көмек көрсеткенде науқастың қосымша ауырсынуына жол бермеу керек. Науқасты медициналық көмек көрсету үшін медициналық мекемеге өте мұқият жеткізу қажет.

Улану кезінде

Ұлы газбен улану

Жәбірленушіге уақытылы алғашқы медициналық көмек көрсету өте маңызды. Ол үшін:

- Зардал шегушіні тез арада ғимараттан (бөлмеден) таза ауаға шығару керек. Егер бұл мүмкін болмаса, оған газдан қорғайтын аспап немесе оттегі жастықшасын кигізу керек;

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 18 беті

- Тыныс алуын жеңілдетіп, тыныс алу жолдарын құсықтан, сілекейден босату керек, тар киімді шешіп, тілін жұтып қоюының алдын алу үшін бүйірімен жатқызу қажет;
- Тыныс алуын қалпына келтіру үшін мұсәтір спиртін ііскету керек. Аяға температурасы төмен болса, аяқ-қолын ықсылау қажет.

Зардал шеккен адамның жағдайы сіздің ойыңызша жақсы болғанын күннің өзінде тез арада жедел жәрдем шақыру керек. Дер кезінде көрсетілген дәрігер көмегі кейіннен пайдада болуы мүмкін асқынуладың алдын алады.

Жәбірленушінің жағдайы ауыр болса, өз бетіңізше оны қолдан дем алдырып, жүрек тұсыну массаж жасаңыз.

Алкогольмен улану

Алкогольмен улану кезінде келесі әрекеттерді орындау керек:

2-3 литр сұйықтықтың (қайнаған су, тұз немесе сода ерітіндісі, "Регидрон") көмегімен асқазаның шаю;

Құсқысы келсе, оның ыңғайлыш күйде болуын қамтамасыз ету. Себебі зардал шеккен адам құсқықта тұншығып қалмауы керек;

Адамның есін біліп, отырған күйде болуын, жатып қалмауын қадағалау;

Ағзаны токсиндерден тазарту үшін энтеросорбенттер (белсендерілген көмір, Энтеросгель, Смекта, Полисорб) беру маңызды.

Адам есінен танып қалса, жедел жәрдем шақыру керек.

Тамақтан улану кезінде

Тамақтан улану кезінде көрсетілетін алғашқы көмек келесіні қамтиды:

Асқазанды шаю. Тамақтан уланған кезінде асқазаннан улы тағамды шығару қажет. Ол үшін сода ерітіндісін дайындау керек (1,5 - 2 литр қайнаған жылы суға 1 ас қасық соданы еріту).

Ерітіндіден аздалашып, содан кейін көмекейге дейін екі саусакты салу арқылы құсу рефлексін тудырады. Осы әркетті бірнеше рет қайталанаңыз.

Сорбенттерді қабылдау. Сорбенттерге токсиндерді белсендері сініріп, олардың қанға сінуіне жол бермейтін дәрілер жатады. Ең танымал сорбент - белсендерілген көмір. Қабылданатын көмір дәрісінің саны адамның дене салмағына қарай есептеледі (дене салмағының 10 килограмына 1 дәрі есебімен). Қазіргі заманғы басқа да сорбенттердің қатарында Энтеросгель, Лактофильтрум, Смекта, Зостерин сывынды препараттар бар. Оларды нұсқаулыққа сәйкес қабылдау керек.

Сұйықтықты көп ішіңіз. Құсу және диарея ағзадағы сұйықтықтың көп мөлшерін жоғалтуға ықпал етеді. Уланған жағдайда тәулігіне 2-3 литр қайнатылған су ішу керек. 1 литр суға 1 ас қасық ас тұзы есебімен суды тұздадаң дұрыс. Сондай-ақ, "Регидрон" секілді арнайы регидратациялық тұз ерітінділерін қолдануға болады.

Күйік шалған кезде Бұға немесе суға күйіп қалу секілді жағдай тұрмыста жиі кездесіп жатады. Тұрмыстық жағдайдағы күйіктің салдары әдетте қатты ауыр болмайды және ол күйік шалудың I немесе II деңгейінен аспайды. Әйтсе де бұл жағдайда да алғашқы медициналық көмек көрсету шараларын білген дұрыс:

Тез арада күйік шалуға алып келген фактордың (су немесе бу) көзін жою керек;

Зардал шеккен дене бөлігін ағын сумен салқыннату;

Шығал таңғышпен жабу;

Тыныштықты қамтамасыз ету.

Жарақатқа жақпамай, май, қаймақ және тағы басқа заттарды жағуға болмайды. Бұл жараға инфекция тұсуіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатты күйік шалған жағдайда жабысып қалған киімді жұлдып алуға, күлдіреген қабыршықтарды жаруға да тыыйым салынады.

Химиялық хаттармен жұмыс істеу барысында тұрмыста жиі кездесетін химиялық күйік шалу кезінде де тері тіндері зақымдалады. Мұндай заттарға сірне қышқылы, құрамында сілті

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 19 беті

немесе ерітілмеген сутегінің асқын totығы бар кейбір тазалау құралдары жатады. Бұл жағдайда мыналарды орындау керек:

ЗАҚЫМДАЛҒАН ТЕРІ АУМАҒЫН АҒЫНДЫ САЛҚЫН СУ АСТЫНА ҚОЙЫП, 20 МИНУТ ШАЮ КЕРЕК;
ХИМИКАТТАРДЫ БЕЙТАРАПТАНДЫРУ КЕРЕК. Алайда түрлі химикат түрлі әдіспен бейтараптанады.
ҚЫШҚЫЛМЕН КҮЙГЕН ЖАҒДАЙДА ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖЕРГЕ СОДА СЕБУ КЕРЕК НЕМЕСЕ САБЫНДЫ СУМЕН ЖУУ КЕРЕК. Сілтімен күйген кезде күйге аумақты сұйытылған сірне қышқылымен жуу қажет;
БЕЙТАРАПТАНДЫРУДАН КЕЙІН ЗАЛАСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН ТАҢГАШПЕН НЕМЕСЕ ҮЛГАЛДЫ ШҮБЕРЕКПЕН ЖАРАНЫ БАЙЛАУ КЕРЕК.

ҮСІК ШАЛҒАН ЖАҒДАЙДА Үсік шалған жағдайдағы алғашқы көмек көрсету мына іс-шаралары қамтиды: Зардап шеккен адамды жылы бөлмеге кіргізу;

ҮСІП ҚАЛҒАН АУМАҚТАҒЫ СЫРТҚЫ КИІМДЕР МЕН АЯҚ КИІМДЕРДІ АБАЙЛАП ШЕШУ;

Науқасты жатқызып, үстін жылы көрпемен жабу;

Жылы сусын, ыстық шай, сұт, морс беру;

ЗАҚЫМДАЛҒАН ДЕНЕ АУМАҒЫНА СТЕРИЛЬДІ ТАҢҒЫШ ҚОЮ;

Егер дененің зардап шеккен жеріндегі сезімталдық қалпына келмеген болса, дереу дәрігерге шақыру керек.

СУҒА БАТҚАН ЖАҒДАЙДА Адам суға кеткенде ең алдымен оны тез арада судан шығарып, "жедел жәрдем" шақыру керек. Зардап шеккен адамды 6 минуттың ішінде судан шығарып алу маңызды. Одан соң мына әрекеттерді орындау қажет:

Егер жәбірленуші есін біліп отырса, онда оны тыныштандырып, белгілі бір қашықтықты сақтау керек. Ол үрейленген жағдайда және өзін өзі қорғау мақсатында сізді де су астына тартып кетуі мүмкін;

Суға кеткен адамды судан шығару барысында қолтық тұсынан ұстап, оның сізге арқасын беріп жатуын қадағаланыз. Осылайша жағаға қарай жузу ынғайлы болады;

Жәбірленушінің аузы мен мұрнын су мен балдырдан босату маңызды. Ол үшін зардап шеккен адамды ішімен төмен қарай тізенізге жатқызып, басын төмен салбырату керек. Бұл судың жылдам шығуына көмектеседі. Осы кезде қабырғасы мен арқасын басу маңызды. Одан соң оны қолдан дем алдыру қажет. Ол үшін мұрнын жауып, аузына ауа үрлеу керек. Жүрек қағысы естілмеген болса, онда қолдан дем алдыру барысында жүрек тұсына массаж жасау керек. Бес рет тікелей емес массаж жасап, аузына ауызben ауа жіберу қажет.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде төрт негізгі ережені сақтау керек. Бұл оқиға орнын тексеру, жәбірленушіні тексеру, жедел жәрдем шақыру және жәбірленушіні қайта тексеру. Алғашқы медициналық көмек әдетте оқиға орын алғаннан кейінгі алғашқы сэттерде жасалады.

ОҚИҒА ОРНЫН ТЕКСЕРУ. Жәбірленушінің, айналадағы адамдардың өміріне не қауіп төндіруі мүмкін екенін тексеру керек. Мысалы, ашық жатқан электр сымдары, кирандылардың құлауы, түтін немесе терең су сынды факторлар. Егер сіздің өміріңізге қауіп төнуі мүмкін болса, онда жедел жәрдем шақырып, көмек көрсетуді мамандарға қалдыру керек. Зардап шеккен адамды сабырға шақыруға тырысыңыз.

ЖӘБІРЛЕНУШІНІ ТЕКСЕРУ. Тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесінің жай-күйін тексеру керек. Егер науқас ес-түссіз жатса, оның тірі екеніне көз жеткізу қажет. Ол тыныс алған кезде кеуде тұсы қозғалады. Сондықтан алақанды науқастың кеуде тұсына қойып, оның қозғалысын бақылау қажет. Егер ол тыныс алмай жатса, оны қолдан дем алдыру керек.

Егер тыныс алмай жатса, тамыр соғысын тексеру керек. Ол үшін мойындағы ұйқы күретамырын саусақпен басу қажет. Тамыр соғысы әлсіз болса, жүрек соғуын анықтау қыын болады. Мұндай жағдайда саусақпен мойынның шет жағындағы теріні басып тұру керек. Жүрек соғуы байқалмаса, жүрекке тікелей емес массаж жасап, қолдан дем алдыру керек.

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өңдеу</p>	<p>28 беттің 20 беті</p>

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
2. Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.К. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
3. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 - курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.К., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017
8. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.К., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.
9. Досмамбетова Г.К., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
10. Досмамбетова Г.К., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: базалық деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.

Қосымша:

1. Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.
4. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
5. Кәсіби қазақ тілі. Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1718>
6. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>

5.7. Бақылау:

Тест тапсырмалары

1. «Суставы кисти» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
 - аяқ ұшының буындары
 - иық буыны

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>		044-73/11-235
<p>Әдістемелік өңдеу</p>		28 беттің 21 беті

- C. қол ұшының буындары
D. сегізкөз-мықын буыны
E. тізе буыны
2. «Подошвенные клино-ладьевидные связки» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. табандық өкше-қайықтәрізді байламы
B. табандық сынааралық байламдар
C. табандық сына-қайықтәрізді байлам
D. табандық сына-текше байламы
E. табандық тексия-қайықтәрізді байламдары
3. «Сухожилие» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. бұлшықет
B. қабақ
C. қарынша
D. сіңір
E. шүйде
4. «Разгибатель мизинца» қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. бас бармақтың қысқаша жазғышы
B. білезіктің шынтақтық бүккіші
C. саусақтарды жазғыш
D. сұқ саусақ жазғышы
E. шынашақ жазғышы
5. «Лучевая кость» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. асық сүйек
B. кәрі жілік
C. ортан жілік
D. ортан жілік
E. шынтақ жілік
6. «Пяточная кость» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. асықты жілік
B. иық буындары
C. өкше сүйек
D. тоқпан жілік
E. төс сүйегі
7. «Пищевод» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. жүрекқап
B. кенірдек
C. көмекей
D. өңеш
E. тاماқ
8. «Газобедренный сустав» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. аяқ ұшының буындары
B. иық буыны
C. сегізкөз-мықын буыны
D. тізе буыны
E. ұршық буыны
9. «Грудина – ключичный сустав» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. бұғана сүйегі
B. иық – бұғана сүйегі
C. сирақ – асық буыны

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу</p>	<p>044-73/11-235 28 беттің 22 беті</p>
---	--	---	--

- D. төс – бұғана буыны
 - E. төс – бұғана бұлшықеті
10. «Копчик» терминінің қазақ тіліндегі аудармасы:
- A. жақсүйек
 - B. құйымшаш
 - C. мұрын сүйек
 - D. омыртқа
 - E. сегізкөз

№6 сабак

5.1.Лексикалық тақырып: Ғылыми тезистер. Ғылыми тезистерді рәсімдеу тәртібі.

Грамматикалық тақырып: Арапас құрмалас сөйлем

Сағат саны: 3 сағ. 180 мин.

5.2. Мақсаты: студенттерге кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын менгерту;

- қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру;
- кәсіби лексика негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік біліктерін дамыту.

5.3. Оқыту мақсаты: Студенттерге кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын менгерту. Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру. Медицина саласындағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді сактай отырып, тіл байлығын арттыру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабакқа катысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1.Ғылыми-зерттеу тезисі.
- 2.Ғылыми тезистің жалпы ережесі.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Ғылыми-зерттеу тезисі. Ғылыми тезистің жалпы ережесі туралы түсініктерінді айтып беріңіз.

Ғылыми мақала негізгі мазмұндағы мәтіннен бөлек, мақаланың тақырыбы, авторлар туралы мәлімет, түйінде, кілт сөздер, мақаланың негізгі мәтіні, библиографиялық көрсеткіштер, пайдаланған әдебиеттер тізімі сияқты негізгі элементтерден тұрады.

Авторлар туралы мәлімет, тақырып, түйінде, кілт сөздер мен библиографиялық көрсеткіштер тізімі міндетті түрде орыс тілінде немесе тағы бір білді, соңан соң міндетті түрде ағылшын тілінде берілуі қажет.

Мақаланың тақырыбы мақаланың мазмұнын аштын, жасалған ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі мен мазмұнын беруі шарт. Ғылыми мақаланың тақырыбы зерттеудің қысқа да нұсқа, нақты нәтижесін көрсетіп тұруы керек. Мақаланың тақырыбында автордың ғылыми шығармашылығының қызықты және тартымды екенінен ақпарат беріліп тұруы керек. Бірақ тақырыпты тартымды етемін деп, оқырманды шатастыратын, сенсация тудыратын тақырыптардан аулақ болған дұрыс.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 23 беті

Авторлар туралы мәліметке автордың ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, жұмыс немесе оқу орыны, байланыс құралдары беріледі. Ғылыми кеңесшілері туралы мәліметтер де авторлардіңдерінде беріледі. Әдетте біз кітап пен мақалада екі немесе үш авторды көреміз. Бірақ бір мақалада ондаған авторға дейін болу мүмкін. Дегенмен, олардың барлығы бірдей мақаланы бір мезгілде отырып жазбауы мүмкін. Ондай авторлық бірлестіктікте авторлардың тізімі бойынша кімнің қаншалықты қолемде зерттеу жүргізгендігін байқауға болады. Тізімнің басында тұрған ғалым мақалада көрсетілген жұмыстың көп бөлігін орындағандығын білуге болады.

Түйіндеме – мақаланың мақсатын көрсететін, мазмұнынан, түрінен, формасынан және өзге де ерекшеліктерінен мағлұмат беретін қысқаша мінездемесі. Түйіндемеде мақаланың, автордың көзқарасы бойынша, негізгі және құнды деп есептелген зерттеудің этаптары, нысандары, түйіні мен қорытындысы берілуі керек. Түйіндеме міндетті түрде 300-500 сөз көлемінде болғаны дұрыс.

Кілт сөздер – мәтіннің мазмұнын көрсететін зерттеу нысанындағы, зерттеу әдістері мен, ғылыми бағыттағы терминдер немесе жинақтық сөздер. Ұсынылатын кілт сөздер көлемі 5-7 сөз, ал кілт сөздерге берілген тіркестердегі сөздер 3 сөзден артық болмауы ұсынылады.

Мақаланың негізгі мәтіні бөлімдерінің белгілі бір тәртібімен берілгені дұрыс. Ғылыми журналдарда жарияланатын ғылыми мақаланың мәтінін жазу үлгілерін берсек. Олар қарапайым түрде жасалады, мысалы:

- 1) Кіріспе
- 2) Негізгі бөлім
- 3) Қорытынды

Библиографиялық көрсеткіш дегеніміз, өзге мағлұматтарды немесе белгілі бір анықтаманы, пікірді өз мақалаңызда пайдаланған болсаңыз, сол кітаптың, еңбектің немесе құжаттың авторы мен атауы туралы мәлімет көрсетілген тізім.

Салалас құрмалас сөйлем

Салалас құрмалас сөйлем — құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі. Салалас құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулық шылауларға қатысты салалас құрмалас сөйлемдер бірнеше топқа бөлінеді: мезгілдес (Мысалы, Құнанбай Ұлжанның қасына барды да, Мәкіш бен Абайдың жузіне қарады (М.Әуезов)) себептес (Оның бұл сөзді не үшін егіле айтқанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді (Ә.Әбішев)), қарсылықты (Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, бірақ қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын (С.Мұқанов)), талғаулықты (Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар немесе құлағымен есіткен айтар (Ә.Әбішев)), кезектес (Нұрғали біресе Тәкеге қарап кіжінеді, біресе Аманға қарап муләйімсіді (F.Мұстафин)).

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері .

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір – бірімен өзара белгілі мағыналық қарым – қатынаста айтылады. Мағыналық қарым-қатынаста жұмсалуына қарай салалас құрмалас сөйлем мынадай алты түрге бөлінеді :

1. Інғайлас салалас.
2. Қарсылықты салалас.
3. Себеп – салдар салалас.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндір</p>	<p>044-73/11-235</p> <p>28 беттің 24 беті</p>
---	--	--	---

4. Ілектес салалас.
5. Талғаулы салалас.
6. Кезектес салалас.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Сәлім Е.Қ., Оразымбетова Ф.Д., Тастанбекова Г.Т. «Жоғары кәсіби қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу құралы. Қарағанды қ. 2013ж.
2. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. «Кәсіби қазақ тілі» фармация және фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
3. Қанапиянова Ә.Ж. Кәсіби қазақ тілі. мед.оқу орындар. Фармацевтикалық фак. арн. – Алматы: ҚазҰМУ, 2008.
4. Жанпейс У. А., Озекбаева Н.А., Даркембаева Р.Д. Русский язык. Учебное пособие для студентов медицинских вузов по специальности «Общая медицина». Часть III. - Алматы: КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, 2015.
5. Жанпейсова У.А. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік - Казахско-русский тематический словарь./ Сост.У.А.Жанпейсова / - Алматы: Sansam, 2010.

Қосымша:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. – Пед. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. –13.00.02. – Алматы, 2009
2. Рақышев А. Адам анатомиясындағы халықаралық атау-терминдер. Алматы, 2011 ж.

5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап.

Ғылыми мақал жазып, оған талдау жасау.

5.1.Лексикалық тақырып: Медицинадағы іс жүргізу негіздері. Ғылыми тезистер.

Ғылыми тезистердің рәсімдеу тәртібі.

Грамматикалық тақырып: Арапас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 8 сағ. 135 мин.

5.2. Сабактың мақсаты: Білім алушылардың жаңа тақырып бойынша өз ойларын жүйелі түрде әнгімелегуге үйрету.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйимдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:

Жаңа сабакты түсіндіру:

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ишкі аурулардың негізгі белгілері.
2. Аурулардың сипаты мен диагностикасы

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өндөу	044-73/11-235 28 беттің 25 беті
---	--	---	--

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ карсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Білім алушылардың кіші топтарға бөлінеді.

Ішкі ауруларды зерттеудің даму тарихы тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалыңдар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшилігін дәлелдеңдер.

Ішкі аурулар.

Ішкі ауруларды зерттеудің даму тарихы Медицина ғылымының жетістіктері мындаған жылдар бойы, әр ғасырдың философиялық көзқарасы мен табигат құбылыстарын зерттеудегі түсініктеріне байланысты қалыптасып келді. Алғашқы қауымдық құрылыш кезінде ем-доммен айналысқан адамдар небір жұмбақтың сырын шешуші дарын иесі ретінде танылған. Кейін олар белгілі дағдыларға ие болып, ем түрлерінің қыры мен сырларын игереді. Қарапайым зерттеу тәсілдері-сұрастыру, көзбен көрү, бармақ басымен сипап тексеру-кеңінен пайдаланыла бастағанымен, бұлар жүйесіз қолданылған. Ішкі ағза аурулары клиникалық медицинаның негізгі бөлігі болып саналады. Ол ішкі аурулардың этиологиясын, патогенезі мен клиникалық белгілерін зерттей отырып, науқастың түрін танып анықтау, емдеу және алдын алу шараларын қарастырады, жеке аурулардың пайда болу себептерін анықтайды. Жалпы айтқанда, ішкі аурулар туралы ғылымның медициналық практикадағы орны орасан зор. "Дені сау" және "ауру" дегеніміз не? Дені сау және ауру болу - бұл адамның коршаған ортадағы тірішлігінің екі жақты көрінісі. Оған физикалық және әлеуметтік жағдайлар тікелей әсер етеді. Дені сау адамның сипаттамалары: 1) организмнің анатомиялық және физиологиялық тұтастығы; 2) организмнің коршаған ортасындағы өзгерістеріне онай бейімделуі; 3) жақсы көңіл-күйде болуы. Ауру дегеніміз – ол ағзаның зақымдануға қарсы беретін қатысты серпілісі. Ауру тек бір жеке мүшениң ғана зақымдамайды, ол тұтас адамға әсер етеді. Аурулардың пайда болуына әкеліп соғатын мәнбірлерді аурудың **этиологиясы** деп атайды. Олар экзогенді және эндогенді деп екі топқа бөлінеді. Экзогенді түрлері: механикалық, физикалық және жүқпалы мәнбірлер. Механикалық зақымдануға тамырлардың жарақаттанып қансырауға әкеліп соғуы, кеуде қуысының жарақаттанып дем алу дәрісінің бұзылуы, ауырсынуда дамитын шок т.б. жатады. Физикалық мәнбірлер: жоғары немесе төменгі температура, электр тоғы, күн сәулесінің әсері, рентген сәулесі. Химиялық мәнбірлер: түрмиста немесе кәсіби жұмыс барысында қолданатын әртүрлі химиялық заттардың теріге, ағзага патологиялық әсер етуі. Жүқпалық мәнбірлер: организмге сырттан келіп түскен бактериялар, вирустар, санырауқұлақтар бір талай ішкі аурулардың себебі болып табылады. Дұрыс тамақтанбауда ауруларға әкеліп соғуы мүмкін. Бұл жағдайда зат алмасу дәрісі бұзылып семіздік немесе ашығу дамиды. Эндогенді – ішкі этиологиялық мәнбірлер. Кейбір ішкі ағзалардың бұзылуы нәтижесінде болатын улану жағдайларды этиологиялық агенттер ретінде қарасты болады. Витаминдердің жетіспеушілігі де бір катар ауруларға әкеліп соғуы мүмкін. Ишкі сөлденес бездер қызметінің бұзылуы аурулардың дамуына себепті болуы ықтимал. Мысалы, ұйқы безі қызметінің бұзылуы қант сусамырының дамуына әсер етеді. Орталық және шеткі жүйке жүйесінің функционалдық және органикалық бұзылуы этиологиялық мәнбірлер рөлін атқаруы мүмкін. Тамырлардың қызметінің және органикалық өзгеруі нәтижесінде қан айналымының бұзылуы көптеген ішкі ағзалар ауруларының себебі болуы мүмкін. Мысалы, жүрек тамырларының өзгеруінен жүрек бұлышық етіндегі зат алмасу дәрісі бұзылып жүрек ауруларының дамуына бейімділік туғызады. Бір қатар ішкі ауруларында нейро-гуморальдық механизмдер арқылы жүзеге асады. Ағзадағы аллергиялық

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>		044-73/11-235
<p>Әдістемелік өндөу</p>		28 беттің 26 беті

аурулардың дамуына себепші көптеген аллергендер болып келеді. Аллергиялық серпілістердің жылдам және баяу қарқынды дамитын түрлері болады. Жылдам аллергиялық серпіліс аллерген әсер еткеннен соң 15-20 минуттан кейін дамиды. Ал баяу аллергиялық серпілістер аллергеннің әсерінен бірнеше сағат, тәулік өткен соң дами бастайды. Эр аурудың биологиялық даму механизмін **патогенез** деп атайды. Мысалы, өкпе қабынуында патогенді жұқпаның әсерінен өкпе ұлпасы зақымданып, өкпе альвеоларына сары судың жиналуы. Сөйтіп дем алу дәрісі бұзылады.

Бастауыш жасайтын сөз таптары.

Сөйлемде есім (зат есім, сын есім, сан есім), есімдік, я, есімге айналған сөздер (есімше, тұйық етістік) әрі обьектеніп субстантқа айналған (үстене, одағай, шылау) сөздер дара тұрып та, күрделі тұрып та бастауыш болады.

1. Зат есімдердің бастауыш болуы Атау түріндегі , аяғы тәуелді жалғаулы я көптік жалғаулы зат есімдердің бастауыш болуы ең қалыпты нәрсе. Мысалы: Абай бұл сөздерді жақтырмай амалсыз тыңдал отыр. Ояң жерлер тіпті тәмендеп, қыраң жерлер тіпті биіктеп кеткендей. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Көптік жалғаулы сөздің бастауыш болуына мысал: Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Студенттердің ғылыми қоғамының бір үйірмесіне жазушылар шақырылды. Бұл сөзді естісімен Ырғызбайлар тағы шапқылап тұні бойы қол жинады. Шоқыға шыққан жігіттер ентіге құлісіп, қалжың айтысты.

2. Сын есімдердің бастауыш бастауыш болуы Затқа айналған субстантталған сын есімнің бастауыш болуында да екі түрлі бар. Біріншіден, сын есім тұра затты анықтамайтын болып, заттың орнына айтылуы керек. Екіншіден, сөйлем ішінде субъект болған сын есімнен басқа тағы бір сын есім я сын есімнен шыққан сөз болу керек. Бұл сонда ғана обьектердің қайшылықтарының бірлігін көрсететін құбылыс болып табылады. Зат есім мен сын есім өздігінен қарсы тұра алмайды. Мысалы: «Жақсы кісі жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болмайды, бастауыш кісі ғана болады. Егер, «жақсы жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болады. Сын есім көптік жалғау арқылы да затқа айналып, бастауыш болады. Мысалы: Жамандар қыла алмай жүр адаптация (Абай). «Үйірімен үш тоғыз» деп жымындал, Жасы үлкендер жанына байлағанда. (Абай). Кейде сын есім тәуелді жалғауын жалғау арқылы затқа айналмай-ақ, бастауыш болады. Мұндайда сын есім затты анықтамайды, өйткені оның анықтамайтын сөзі бұрын келеді, орын ауысады. Мысалы: Қазақстандағы өзеннің үлкені – Ертіс. Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді. (Мақал).

3. Сан есімдердің бастауыш болуы Сан есімдердің бастауыш болуы да сын есімдердіңде, бірақ, өзгешелігі де жоқ емес. Атау қалпындағы сан есімдер артынан айтылған зат есім жоқ болса, зат есім орнында айтылып бастауыш болады. Мысалы: Сегіз – екіге бөлінеді. Екі жердегі екі – төрт. Кейде екі екі – төрт деп те айтылады. Мұндайда «екілердің» соңында зат есім барлығы да, негізінде болатындығы да сезілмейді. а) Сан есімнің жинақты түрлері де, оның тәуелдісі де бастауыш болады. Мұның бастауыш болуы өте қолайлы, себебі: бұл аяққы -ау, -еу жүрнағы арқылы затқа айналып, зат есімнің орнына жүреді. Мысалы: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (мақал). Екеуі қарауыл қарайды, біреуі шөпшек тереді. (жұмбак). ә) Есепті сан есімнің тәуелді түрі де бастауыш болады. Мысалы: Аттың отызы ана бригадада. Мына жиырмаң бөлініп шық! б) Сан есімнің ретті түрі де бастауыш бола алады. Мысалы: Бірі тым ауыр, екіншісі тым шапшаң, ұрыншақ... в) Бөлшек сандардың бөлшегі мен көрсеткіші де тәуелді жалғауда тұрып, күрделі бастауыштың қызметін атқара алады. Мысалы: Колхоздың жүзделеген тоқсан тоғызы бақша егемен. г) Сан есімнің шақты, шамалы шылауы бар түрі де, көптік түрі де тәуелді жалғау жалғанса, бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Сауын сиырдан мұнда жұз шамаласы қалар дейміз. Жігіттердің он шақтысы жаудың соңынан қуып кетті. Окушылардың он шақтысы музыка үйренді. Сан есімдік мәні бар ондаған, бестеген

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯSY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-235
Әдістемелік өндөу	28 беттің 27 беті

сияқтылар да тәуелді жалғау арқылы бастауыш болады. Мысалы: Пионерлердің ондағаны ойын көрсетті.

4. Есімдіктердің бастауыш болуы Есімдіктер зат есімнен соңғы өздігінен өнімді бастауыш болатын сөз. Олар бастауыш болумен қатар, баяндауышқа тұра сәулесін түсіреді. а) Жіктеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Мен – балаң жарық құннен сәуле қуған. Біз оқытушы болуды арман еттік. Сен жаралы жолбарыс ең. Ол бір қызырып, бір ақшылданып, сұрлана түсіп, сөйлеп отыр. Олар да бұның жүзіне тегіс қарап қапты. ә) Сұрау есімдіктерінің бастауыш болуы: Кімі тантық, кімі пан. Кімдер сапар шекпеді, Тұған елдің қамы үшін. Нелер кетіп, не кетпес ер жігіттің басына. б) Сілтеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Бұл – Тыржық деген бай екен. Бұл бір аңы мыскыл еді. Қонақтардың қасында бүгін де солар ғана болған. в) Өзіндік есімдіктің бастауыш болуы: Өзің қара артыңа – өткен өмір бейне тұс. Менің өзім нашармын, Түрікпен аузым ашармын. г) Белгісіздік есімдіктің бастауыш болуы: Сәлде киген біреу отыр, ол молда болып шықты. Біреулер жата қалып, көз іліндіріп, біреулер құрғақ тағамдарын жеп, әркім өз шаруасына кіріспей жатыр. д) Больымсыздық есімдіктің бастауыш болуы: Оған осы отырған ешқайсымыз, эй, ештеңе қоса алмаймыз. Бірақ, ақшаға ешкім зат сатпайды. е) Жалпылық есімдігінің бастауыш болуы: - Кім еді мұның! – деп әркімдер таңдананыйын деп еді. Осы үш жігітке ауыр хал-жағдайымызды айтып едім, әрқайсысы әртүрлі ақыл берді. Бәрі Есжанның қарамағындағы аттар. ж) Мөлшер есімдігінің бастауыш болуы: Жүктің бірсызырасы тасылып болды. Әлі бұл аттардың бірнешесі (бірнешеуі) жолда қалады. Кейде есімдіктердің қатар келуінен, оның қайсысы бастауыш екенін айыру қынға соғатын жайы бар. Мысалы: Мынау сіз жазған хат па? Бұл сөйлемдегі бастауыш – сілтеу есімдік мынау, ал сіз бастауыш емес, себебі, ол сіздің деген сөз, мұның тек қана жалғауы түсіп қалып тұр. Сол сияқты «Ол сен айтқан кітапты берген жоқ». Мұнда сен сенің-нің орнына тұр.

5. Етістікten туған есімдердің бастауыш болуы Бұлар да орнына, мағынасына қарай бастауыш болады. Мысалы: Жаудан күту жақсылық – зарлыққанның салдары, Байдан күту жақсылық – тарыққанның салдары. Жазықтыны жазалау – заның ісі. Жар сую, жұрт мақтанарлық атақ табу – аз аз құннің аз ермегі уанатын. Көптен үйрене отырып, үйретуіміз де керек. Етістікten зат есімге айналған сөз өзінен соң зат есім келген жағдайда анықтауыш болады да, зат есім тіркессіз жалаң өзі келген орында бастауыш болады. Мысалы: Жығылған адам күреске күреске тоймас. – Жығылған күресек тоймас. Бірақ әлі де білмегенім көп. Баққандары өзінің ғана құлқыны мен бақ-дәрежесі.

6. Етістіктердің бастауыш болуы Нактылы етістіктер объектке айналып барып, бастауыш болады. Етістіктер де етістігі арқылы объектке айналады, бірақ ол үнемі сақтала бермейді. Мысалы: Көрдім – көп сөз. Бастауыш – көрдім. Мұның толық түрі: Көрдім деген көп сөз. Сендердің сүйемейміндерің - сүйемін дегендерің. Тойдың болғанынан боладысы қызық.

7. Одағай, шылау, үстеу сөздердің бастауыш болуы Одағай, шылау, үстеулердің бастауыш болуы үшін де, олардың жұрнақ жалғап, басқа сөз табына айналуы я объектке айналуы шарт: а) «Тұу» - одағай сөз. Бастауыш – «тұу», ол объектеліп тұр. Аллаңанан ойбайым жақсы. «Әйт-шу» деген түйеге демеу. Жұманның «оһы-ұхісі»-ақ мезі қып бітті. ә) Бұл тастың қасындағы қайда? Бұл жерде «қасында» шылауы сынға айналып, объектеніп барып, бастауыш болып тұр. «Де» - жалғаулық шылау. Осы кісінің «яғни»-ақ таусылмайды екен. б) Еріншектің ертеңі бітпес. «Ертең» объектенген үстеу. Қапаннан «тіптісі» бітпейді. Құн бұрының жоқ демесең ортаңа тұспей кететін нем болушы еді менің... Мезгіл үстеуі объектіге айналмай-ақ, бастауыш бола алады. Ол үшін бастауыш үстеуден соң я оның алдында салыстырмалы түрде тағы бір үстеу болу керек. Мысалы: Ертең бүгіннен ашық болады. Бастауыш – ертең. Бұл «ертең» субстанттанған затқа айналған сөз, зат есімнің орнында айтылып тұр.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-235</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>28 беттің 28 беті</p>

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту:

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабакты қорытындылау:

Үйге тапсырма беру:

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оку құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
- 2.Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
- 3.Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оку орындарының 1 - курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
- 4.Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
- 5.Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

Қосымша:

1. Кемелхан, Д. Ж. Қәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.
 - 2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
 3. Қәсіби қазақ тілі. Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1718>
 - 4.Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
 - 5.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары қәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған). Оқу құралы. 2013 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>
- 5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап
- Асқазан мен он екі елі ішектегі ойық жара ауруы тақырыбы бойынша жағдаяттық сұхбат құрастырыңыз.